

Абуов М. Дуламбаева Р.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының докторанты,
Астана, Қазақстан,
e-mail: m.abuov@apa.kz
ORCID: 0009-0006-5530-5380

э.ғ.д., профессор
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының профессоры,
Астана, Қазақстан,
e-mail: r.dulambayeva@apa.kz
ORCID: 0000-0003-3942-8875

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ЕСЕПТІЛІКТІҢ НОРМАТИВТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ САПАСЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ САРАПТАУ НЕГІЗІНДЕ АРТТЫРУ

Аңдатпа

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік деректерінің сапасын арттыру басшылар мен жауапты тұлғаларға сапалы басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мақсаты - Қазақстандағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерделеу, заңнамалық қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтау, сондай-ақ оларды жою бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Бухгалтерлік есеп пен есептілік - бюджет процесінің маңызды кезеңі болып табылады, осы кезеңде мекеменің қаржылық жағдайы, ақша қаражаттарының қалдықтары, кірістер мен шығыстар айқындалады, тауарлық-материалдық құндылықтарға түгендеу және салыстыру жүргізіледі, дебиторлық және кредиторлық берешек талданады, қаржылық нәтиже қалыптастырылады.

Зерттеу мақсатына жету үшін бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерделеу әдісі қолданылды, сондай-ақ осы салада 15 жылдан астам еңбек өтілі бар 12 маманмен нормативтік құқықтық актілерді талдау барысында алдын ала анықталған проблемалар бойынша сараптамалық сұхбаттар жүргізілді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 18 619 мемлекеттік мекеме тіркелген. Осыған байланысты зерттеу тақырыбы бюджет процесінің көптеген субъектілерін қамтиды. Зерттеу нәтижесінде 4 нормативтік құжатта 13 құқықтық олқылық анықталып, есеп пен есептіліктің сапасын арттыру және бюджет процесін тиімді басқару үшін ұсынымдар берілді.

Алынған нәтижелер бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті одан әрі жетілдіруде және мемлекеттік секторда қаржылық тәртіпті нығайтуда пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: Бухгалтерлік есеп, есептілік, шоттар, мемлекеттік орган, баланс.

КІРІСПЕ

Қазақстанда компаниялар мен мемлекеттік органдар бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңының талаптарына сәйкес халықаралық стандарттар негізінде жүргізеді.

Елдегі әрбір мемлекеттік мекеме, яғни баланс ұстаушы, бухгалтерлік есепті жүргізіп, қаржылық есептілікті жасайды. Мемлекеттік мекемеде бухгалтерлік есеп пен есептілікті жасау оның бекітілген жарғысымен айқындалған өкілеттіктер шегінде жүзеге асырылады. Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бухгалтерлік есеп жүргізу мен есептілік жасау барысында жіберілетін қателіктерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Мақаланың өзектілігі қазіргі жағдайда мемлекеттің экономикалық мәселелер бойынша шешім қабылдауы сапалы деректерге негізделуімен айқындалады. Мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде ЖІӨ, ЖҰӨ, инфляция деңгейі, жұмыссыздық, ақша массасы, резервтер, әлеуметтік және сыртқы экономикалық көрсеткіштер, сондай-ақ мемлекеттік қаржы көрсеткіштері сияқты макроэкономикалық деректер пайдаланылады. Қазақстанның мемлекеттік қаржы жүйесіндегі негізгі құжаттардың бірі – шоғырландырылған қаржылық есептілікті қамтитын бюджеттің атқарылуы туралы есеп болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілік мемлекеттік ұйымдардың қаржылық есептілігін біріктіру арқылы жасалатын жинақталған құжатты білдіреді. Қаржылық есептілік бухгалтерлік есеп деректері негізінде қалыптастырылады.

Мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп сапасына қатысты заманауи зерттеулер IASB (International Accounting Standards Board) және IPSASB (International Public Sector Accounting Standards Board) қаржылық

есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сүйенеді, онда қаржылық ақпараттың негізгі сапалық сипаттамалары – орындылық, шынайы ұсыну, салыстырмалылық, тексерілетіндік, уақтылылық және түсініктілік айқындалған. Бюджеттік есептіліктің дұрыстығы мен жария ресурстарды пайдалану ашықтығы ерекше маңызға ие. Есеп сапасын теориялық тұрғыдан түсіндіруде агенттік қатынастар теориясы маңызды рөл атқарады, ол мемлекеттік органдарды қоғамның агенттері ретінде қарастырады. Есептік ақпарат сапасының төмендігі ақпараттық асимметрияны күшейтіп, агенттік шығындарды арттырады, ал оның жоғарылауы есеп берушілікті нығайтып, пайдакүнемдік мінез-құлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Мемлекеттік сектордағы сапалы бухгалтерлік есеп ашықтықты қамтамасыз ету, ресурстарды тиімді басқару және халықтың сенімін арттыру үшін қажет. Оның өзектілігі бюджетті ұтымды пайдалану талаптарының күшеюімен, басқаруды цифрландырумен және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкестік қажеттілігімен байланысты. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер бұл үдерісті реттеудің құқықтық негізін қалыптастырады, алайда олардың тиімділігі мен практикалық қолданылуын арттыру үшін бірқатар құқықтық мәселелерді шешу қажеттілігі анықталды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерделеу, заңнамалық қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтау, сондай-ақ оларды жою бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін аталған үдерісті реттейтін нормативтік құқықтық актілер зерттелді, сондай-ақ республикалық және жергілікті деңгейлерде қызмет ететін 12 маманмен жеке сараптамалық сұхбаттар жүргізілді.

Қазақстанда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жетілдіру тек практикалық қана емес, сонымен қатар ғылыми маңызға да ие.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстандағы мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді кешенді талдауда көрініс табады, мемлекеттік мекемелердегі есеп сапасын арттыруға бағытталған нақты ұсынымдар мен институционалдық механизмдерді ұсынады. Бұл мемлекеттік қаржы басқару тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Қазақстанның мемлекеттік секторындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті реттеу мәселелерін кешенді түрде қарастыруымен айқындалады. Жұмыста нормативтік құқықтық актілердің өзара байланысы мен халықаралық стандарттарға сәйкестігі ғылыми тұрғыдан талданып, мемлекеттік қаржылық есептіліктің сапасын арттыруға бағытталған нормативтік-теориялық қорытындылар жасалады. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қаржы, бухгалтерлік есеп және бюджеттік жоспарлау салаларындағы ғылыми зерттеулерді толықтырады.

ӘДЕБИ ШОЛУ

Мемлекеттік сектордағы есеп жүйелерінің институционалдық дамуы нәтижеге бағытталған басқаруды және есептеудің есептеу әдісін енгізуді көздейтін New Public Management тұжырымдамасымен байланысты. Мұндай тәсіл есепті операцияларды тіркеу құралы ғана емес, мемлекеттік қаржыны стратегиялық басқару тетігіне айналдырады. Қазіргі кезең цифрлық қаржылық жүйелерді интеграциялаумен және IPSAS халықаралық стандарттары негізінде есептілікті үйлестірумен сипатталады.

Мемлекеттік қаржы теориясы тұрғысынан бухгалтерлік есеп сапасы фискалдық ашықтық пен тұрақтылықтың маңызды элементі ретінде қарастырылады. Сенімді есептік ақпарат бюджеттік міндеттемелерді, борыштық жүктемені және фискалдық тәуекелдерді дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Қоғамдық таңдау теориясы аясында есеп саяси себептермен туындайтын бюджеттік көрсеткіштердің бұрмалануын шектеу функциясын атқарады. Осылайша, заманауи теориялық тәсілдер бухгалтерлік есеп сапасы тек есептіліктің техникалық сипаттамасы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен легитимдігін арттыратын институционалдық фактор екенін дәлелдейді.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС, IFRS) көптеген елдерде қаржылық ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету және оның салыстырмалылығын арттыру мақсатында кеңінен қолданылады. Бұл стандарттарды Қазақстандағы мекемелерге енгізу бухгалтерлік есеп жүйесін реформалаудың және басқарушылық шешімдердің сапасын арттырудың маңызды кезеңі болды.

ҚЕХС-ты енгізу және мемлекеттік органдарда қаржылық есептілік жүргізу мәселелеріне арналған бірқатар ғылыми зерттеулер бар. Алайда олардың басым бөлігі ірі мемлекеттік компаниялар немесе қаржы ұйымдарына бағытталған, ал мемлекеттік органдар жүйесіндегі есеп пен есептілік практикасы жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Саманбетова Г.К.-ның (2021) пікірінше, тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында елеулі өзгерістер орын алып, бұл қаржылық ашықтық пен бақылаудың күшеюіне ықпал етті. Сонымен қатар жүйені жаңғырту және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жұмыстары жалғасып келеді және өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абдусаломова Н.Б. (2023) ұлттық есептілікті ҚЕХС талаптарына бейімдеу үдерісін талдай отырып, қаржылық деректердің ашықтығы

мен салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін нақты әдіснама мен заманауи құралдарды әзірлеу қажеттігін атап өтті.

Легенкова М.К. мен Ливанова Р.В. (2021) тарихи-салыстырмалы және аналитикалық әдістерді қолдана отырып, Ресейдегі мемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті реформалау тәжірибесін зерттеді. Авторлардың пікірінше, халықаралық стандарттарға көшу және есептеудің есептеу әдісін енгізу мемлекеттік басқару органдарының қаржылық есептілігінің ашықтығы мен сенімділігін арттырудың негізгі шарттары болып табылады.

Сонджая Я. (2024) мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің дамуы есептеу әдісін енгізу, цифрландыру, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметінің есептілігі мен ашықтығын арттыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс деген қорытындыға келді.

Карпентер мен Фероз АҚШ тәжірибесін зерттей отырып, мемлекеттік құрылымдарда GAAP стандарттарын енгізу экономикалық себептерден гөрі мемлекеттік органдардың беделі мен легитимдігін арттыру қажеттілігімен байланысты болғанын анықтады. Институционалдық теория тұрғысынан төрт штаттағы шешімдерді талдауға негізделген бұл зерттеу мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп стандарттары техникалық сапаны арттыру құралы емес, қоғамдық сенім мен саяси қолдауды нығайтудың тетігі екенін көрсетті.

Дамыған елдерде мемлекеттік сектордағы қаржылық есептіліктің сапасын арттыру мақсатында халықаралық стандарттар әзірленіп, кеңінен қолданылады. Мемлекеттік сектордағы есеп стандарттары (IPSAS) осы бағыттағы негізгі құралдардың бірі болып табылады. Мәселен, И. Кристианс және басқалар (2015) өз еңбектерінде IPSAS-ты енгізудің есептің ашықтығын арттырудағы рөлін атап өткен. Н. Шанасирова (2024) Өзбекстан тәжірибесінде мемлекеттік есептің негізгі проблемасы ретінде кассалық әдістің басым болуын көрсетіп, бұл нақты қаржылық жағдайды бұрмалап, есептіліктің ашықтығы мен жеделдігін шектейтінін атап өтеді.

Наджеб Масуд (2025) 173 елдің деректерін талдай отырып, ҚЕХС пен IPSAS стандарттарын енгізу мемлекеттік сектордың ашықтығы мен есептілігін едәуір арттыратынын дәлелдеді. Ғалымның пікірінше, ең жоғары тиімділік тек дамыған институттар, кәсіби кадрлар және бейімделген инфрақұрылым болған жағдайда ғана қамтамасыз етіледі. Амалия И. және әріптестері (2024) аз дамыған елдерде кассалық әдіске негізделген мемлекеттік сектордағы халықаралық есеп стандарттарының таралу ерекшеліктерін зерттеді. Зерттеу нәтижелері институционалдық әлсіздік, кадр тапшылығы және техникалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі салдарынан бұл стандарттарды енгізу баяу жүретінін көрсетті, сондықтан табысты енгізу үшін халықаралық қолдау мен жергілікті әлеуетті арттыру қажет.

С. Скэннелл мен В. Тавиа (2024) 2000–2023 жылдар аралығындағы мемлекеттік секторда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын енгізу бойынша зерттеулерді талдап, олардың негізгі үрдістерін, артықшылықтары мен кедергілерін анықтады. Авторлар дамыған елдерде бұл стандарттар ашықтық пен есептілікті арттыратынын, ал дамушы елдерде институционалдық және ресурстық шектеулер олардың тиімді енгізілуіне тосқауыл болатынын көрсетті. К. Арафат Хамди, Ахмед Диаб және Ареф М. Эйсса (2025) дамушы елдердің мемлекеттік секторында цифрлық трансформацияның бухгалтерлік ақпарат жүйелерінің сапасына әсерін зерттеді. Авторлар цифрландыру қаржылық есептіліктің дәлдігін, ашықтығын және дайындалу жылдамдығын айтарлықтай арттыратынын, алайда оның тиімділігі технологиялық инфрақұрылым мен персоналдың біліктілік деңгейіне тәуелді екенін анықтады.

Осылайша, мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің сапасын арттыру мәселесі басқа зерттеушілер тарапынан қарастырылғанымен, жеткілікті деңгейде терең зерттелмеген. Қазақстанның жаңа Бюджет кодексінің жаңашылдығы және квазимемлекеттік сектор субъектілерін шоғырландырылған есептілік құрылымына енгізу қосымша ғылыми зерттеулер жүргізуді талап етеді.

Осы зерттеу мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда тереңірек түсінуге ықпал етеді. Тақырыптың практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижелерін мемлекеттік органдардың мемлекеттік қаржыны басқаруды жетілдіру мақсатында пайдалану мүмкіндігімен айқындалады. Әзірленген ұсынымдар есептіліктің дәлдігі мен ашықтығын арттыруға, деректерді бұрмалау мен қайталаудың тәуекелдерін төмендетуге, сондай-ақ бюджетті жоспарлау мен орындаудың тиімділігін күшейтуге бағытталған.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақстан Республикасының жаңа Бюджет кодексіне Президент 2025 жылғы 15 наурызда қол қойды. Аталған кодекс 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді, ал оның жекелеген нормалары кейінірек қолданысқа енгізілді. Осыған байланысты бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті реттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер (бұйрықтар, бухгалтерлік есеп пен есептілік қағидалары, шоттар жоспары және т.б.) жаңа құқықтық базаға сәйкес жаңартылды. Осы мақалада ұсынылған зерттеу жаңартылған нормативтік құқықтық актілер негізінде жүргізілді.

Зерттеу барысында негізінен сапалық зерттеу әдістері қолданылды, атап айтқанда бірінші нормативтік-құқықтық талдау әдісі қолданылды, бұл бұйрықтардың мәтіндерін, олардың құрылымын, реттеу

аясын, субъектілер шеңберін және қаржылық есептілікті жасау тәртібін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде уәкілетті құрылымдар тарапынан қарауды талап ететін бірқатар құқықтық мәселелер айқындалды.

Жүйелік тәсілді қолдану мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есепті реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп қағидалары, мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің есептік құжаттама нысандары туралы ереже қарастырылды. Бұл қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны кешенді бағалауға және оның кемшіліктерін анықтауға ықпал етіп, мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есепті жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге негіз қалады.

Нормативтік-құқықтық талдау жүргізілгеннен кейін зерттеудің келесі кезеңінде сараптамалық сұхбат әдісі қолданылды. Бұл әдіс мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау тәжірибесін, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді қолдану барысында туындайтын қиындықтар мен проблемаларды тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Сараптамалық сұхбат сұрақтары этика жөніндегі комиссияда қаралды.

Зерттеуге 12 эксперт тартылды. Сұхбаттар Астанада аралас форматта өткізілді (WhatsApp арқылы онлайн және офлайн) қазақ және орыс тілдерінде. Әр сұхбаттың ұзақтығы 40 минуттан аспады, зерттеу кезеңі – 2 айға дейін болды.

Зерттеуге мемлекеттік органдар мен мекемелердің, академиялық қауымдастықтың, консалтингтік ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік есеп, есептілік және аудит саласында тәжірибесі бар бұрынғы мамандар тартылды. Эксперттер жоғары білімге ие болды және қаржы, бухгалтерлік есеп немесе мемлекеттік басқару саласында кәсіби білімі бар, жас мөлшері – 30 жылдан жоғары.

Методологиялық, ұйымдастырушылық, техникалық, этикалық және құқықтық тәуекелдерді азайту үшін алдын ала дайындық жүргізіліп, негізгі сұрақтар таңдалды, қатысушылардың анонимділігі қамтамасыз етілді және деректерді жазу мен өңдеуге кәсіби құралдар қолданылды.

Нәтижесінде келесі сұрақтар қалыптастырылды:

1-кесте. Сарапшыларға қойылған сұрақтардың жинақталған тізбесі

№	Сараптамалық сұхбат сұрақтары	Нормативтік құқықтық акт / қосалқы шот
1	Нормативтік құқықтық актіде 1313 «Дәрі-дәрмектер мен медикаменттер» қосалқы шотында тек бюджет қаражаты есебінен сатып алынған медикаменттер көрсетілетіні жазылған. Алайда медикаменттер басқа көздер есебінен де (мысалы, демеушілік, халықаралық шарттар) алынуы мүмкін. «Бюджет қаражаты есебінен» деген тіркесті алып тастауға келісесіз бе?	№170 бұйрық, 1313 қосалқы шоты
2	Нормативтік құқықтық актіде 1314 «Азық-түлік» қосалқы шотында тек бюджет қаражаты есебінен сатып алынған тағам өнімдері көрсетілетіні жазылған. Алайда олар басқа көздер есебінен де (демеушілік, халықаралық келісімшарттар) алынуы мүмкін. «Бюджет қаражаты есебінен» деген тіркесті алып тастауға келісесіз бе?	№170 бұйрық, 1314 қосалқы шоты
3	Нормативтік құқықтық актіде 1315 «Отын, жағармай материалдары» шотында «төленген жанармай талондары» көрсетілетіні жазылған. «Төленген» сөзін алып тастау қажет, себебі төленбеген талондар да осы шотта көрсетіледі , ал басқа шотта берешек ретінде танылады. Келісесіз бе?	№170 бұйрық, 1315 қосалқы шоты
4	Нормативтік құқықтық актіде 1319 «Өзге де» шотында «төленген тамақтану талондары» көрсетілетіні жазылған. «Төленген» сөзін алып тастау қажет, себебі төленбеген талондар да осы шотта есепке алынады , ал басқа шотта берешек ретінде көрсетіледі. Келісесіз бе?	№170 бұйрық, 1319 қосалқы шоты
5	Пайдалы қызмет ету мерзімі 12 айдан аспайтын бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған лицензияларды 1420 «Алдағы кезеңдердің шығыстары» шотына енгізуге келісесіз бе? Қағидаға сәйкес, 2710 «Материалдық емес активтер» шотында тек пайдалы қызмет ету мерзімі 12 айдан асатын бағдарламалар есепке алынады . Алайда пайдалы қызмет ету мерзімі 12 айдан аспайтын лицензияларды бухгалтерлік есепте көрсету тәртібі заңнамада нақты көзделмеген.	№170 бұйрық, 1420 қосалқы шоты

№	Сараптамалық сұхбат сұрақтары	Нормативтік құқықтық акт / қосалқы шот
6	2370 «Құрал-саймандар, өндірістік және шаруашылық мүлік» шотында соққылау құралдары осы шотта есепке алынатыны көрсетілген. Алайда 1316 «Шаруашылық және кеңсе керек-жарақтары» шотында да соққылау құралдары (балға, балта, лом) көрсетілген. Соққылау құралдарын есепке алу тәртібін нақтылау қажет деп санайсыз ба?	№170 бұйрық, 1316 және 2370 қосалқы шоттары
7	2411–2414 «Аяқталмаған құрылыс» шоттарында аяқталмаған құрылысқа жатқызылатын шығындар есепке алынады. Алайда авторлық қадағалау мен техникалық бақылау шығындары (инжинирингтік қызметтер) енгізілмеген және еш жерде нақты көрсетілмеген. Бұл мәселені нормативтік түрде реттеу қажет деп санайсыз ба?	№170 бұйрық, 2411–2414 қосалқы шоттары
8	ОС-1 нысаны негізгі құралдарды тек мемлекеттік мекемелер арасында қабылдау-тапсыруды реттейді. Ал негізгі құралдар мен басқа да ұзақ мерзімді активтер мемлекеттік мекемелерге квазимемлекеттік ұйымдардан, ЖК, ЖШС, АҚ және басқа ұйымдардан (соның ішінде кері беру жағдайында) беріледі. Қазіргі уақытта мұндай операцияларға арналған бекітілген әмбебап нысан жоқ . ОС-1 нысанын басқа мекемелерден активтерді алып-беруге пайдалану үшін «мемлекеттік» деген сөзді алып тастау қажет деп санайсыз ба?	№187 бұйрық, ОС-1 және НОС-1 нысандары
9	№410 бұйрығымен бекітілген тарату ведомосы қоймадан тауарларды беру және есептен шығару үшін арналған. 1315 «Отын, ЖЖМ» шотын қорлар номенклатурасынан алып тастау қажет, себебі оларды қоймадан беру үшін Заборлық ведомость , ал есептен шығару үшін жол парақтары қолданылады. Келісесіз бе?	№187 бұйрық, №410 нысан
10	Бюджет кодексінің 102-бабына сәйкес, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсімі табыс ретінде танылады. Алайда №223 бұйрықтың 159-тармағында бухгалтерлік есепте «жұмыстар, көрсетілетін қызметтер» көрсетілмеген . Бұл олқылықты түзету қажет деп санайсыз ба?	№223 бұйрық, 159-тармақ
11	Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1072 (2006) қаулысына сәйкес, заң қызметтері мемлекеттік органның мүдделерін сотта қорғайды және сот актілерінің орындалуын қамтамасыз етеді, бірақ нормативтік құқықтық актілерде көзделмеген функцияларды орындай алмайды. Сот құжаттарын бухгалтерлік қызметке беру міндеті нормативтік актілерде қарастырылмаған . Бухгалтерлік есептің дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды бухгалтерияға беру фактісін көрсету қажет деп санайсыз ба?	№223 бұйрық, 162-тармақ
12	258-тармақта медикаменттерді есептен шығару 1316 «Шаруашылық және кеңсе керек-жарақтары» шотынан жүргізіледі деп қате көрсетілген , ал іс жүзінде олар 1313 «Дерілік заттар және таңу материалдары» шотынан есептен шығарылады. Бұл жағдайды реттеу қажет деп санайсыз ба?	№223 бұйрық, 258-тармақ, 1313 және 1316 қосалқы шоттары
13	Ұйымға тиесілі емес, бірақ уақытша пайдалануда тұрған активтер баланстан тыс шоттарда есепке алынады. Ұйымдар арасында берілетін мүлік беруші ұйымның балансында және алушы ұйымның баланстан тыс шотында көрсетіледі. Шоғырландырылған есептілікте бұл сомалар екі рет көрсетіледі . Қос есепке алуды болдырмау туралы талапты тармаққа енгізу қажет деген ұсыныспен келісесіз бе?	№259 бұйрық, 37-тармақ

Ескерту: сұрақтар авторлармен құрастырылған.

Сұхбат барысында мамандар мемлекеттік мекемелерде қаржылық есептілікті қалыптастыру тәжірибесімен, бухгалтерлік есеп шоттары мен есептік құжаттаманы қолдану тәртібімен, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен есептіліктің сапасын қамтамасыз ету тәсілдерімен бөлісті.

Сарапшылардың пікірлерін жинау және талдау мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есепті жетілдіруге бағытталған нақты ұсынымдарды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Осылайша, сараптамалық сұхбат әдісі нормативтік-құқықтық талдауды толықтырып, зерттеудің ғылыми-практикалық негізін нығайтты. Бұл әдіс мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік үдерісінің нақты жағдайын, проблемалық аспектілерін және оны жетілдіру жолдарын жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Сарапшылардың пікірлерін жинау және талдау мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есепті жетілдіруге бағытталған нақты ұсынымдарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

2-кесте. Сараптамалық сұхбат нәтижелері

Сарапшы	1 сұрақ	2 сұрақ	3 сұрақ	4 сұрақ	5 сұрақ	6 сұрақ	7 сұрақ	8 сұрақ	9 сұрақ	10 сұрақ	11 сұрақ	12 сұрақ	13 сұрақ
E1	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	±	+	-
E2	+	+	+	+	±	±	+	+	+	+	+	+	+
E3	+	+	+	+	+	+	+	+	±	+	±	+	+
E4	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
E5	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
E6	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
E7	+	+	+	+	+	+	±	+	+	+	+	+	+
E8	+	+	-	+	±	+	+	±	+	+	+	+	+
E9	+	+	+	+	±	+	±	±	+	+	+	+	+
E10	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
E11	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
E12	+	+	+	+	+	+	+	+	±	+	+	+	-

Ескерту: авторлармен сарапшылық сұхбат негізінде құрастырылған.

Мұнда:

+ толық келіседі;

± толықтыру қажет;

- басқа жолдарды қарастыру қажет.

13 сұрақ бойынша жүргізілген сұхбаттар мен талқылаулар оңтайлы нәтижелер берді.

Қазақстан мемлекеттік мекемелерінің бухгалтерлік есеп шоттарының жаңа жоспарының (№170, 2025 жылғы 16 сәуір) нормативтік-құқықтық талдауы және сараптамалық сұхбаттар мынадай нәтижелерді көрсетті:

1-4 сұрақтар бойынша:

Нормативтік құжаттың 10-тармағында «Қорлар» шоты көрсетілген, оның ішінде мүлік заттарының тиесілілігі келесі қосалқы шоттар бойынша белгіленеді:

1311 – «Құрылыс материалдары»

1312 – «Зерттеу, ғылыми-зерттеу және басқа мақсаттағы материалдар»

1313 – «Дәрі-дәрмектер мен таңу материалдары»

1314 – «Азық-түлік өнімдері»

1315 – «Отын және жанар-жағар май материалдары»

1316 – «Шаруашылық материалдары және кеңсе керек-жарақтары»

1317 – «Арнайы киім және басқа жеке қолдану заттары»

1318 – «Запас бөлшектер»

1319 – «Өзге материалдар»

Талдау нәтижесінде 1313, 1314, 1315 және 1319 қосалқы шоттар бойынша кемшіліктер анықталды, оларды түзету қажет.

3-кесте. 1313, 1314, 1315 және 1319 қосалқы шоттары бойынша талдау нәтижелері

Ағымдағы басылым	Қателерді негіздеу
1313 шоты – «Дәрі-дәрмектер және таңу материалдары», мұнда дәрі-дәрмектер, басқа дәрі-дәрмектер және медициналық құрал-жабдықтар есепке алынады деп көрсетілген. Алайда, олардың есебі тек мемлекеттік қаржыландыру жоспарына қарастырылған жағдайда жүзеге асырылатыны көрсетілген.	Дәрі-дәрмектер және басқа шығын материалдары 1313 шотқа демеушілік қызметтер, халықаралық келісімшарттар, ақылы қызметтер, конфискацияланған тауарлар және т.б. бойынша енгізілуі мүмкін. Осыған байланысты, олардың есебі тек мемлекеттік қаржыландыру жоспары аясында жүзеге асады деген түсінік қате болып табылады. Сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстар қолдау тапты.
1314 шоты – «Азық-түлік тауарлары», мұнда мемлекеттік мекемелерде азық-түлік тауарларының есебі жүргізілетіні көрсетілген. Алайда, олардың есебі тек мемлекеттік қаржыландыру жоспарына қарастырылған жағдайда жүзеге асырылатыны көрсетілген.	Азық-түлік тауарлары 1314 есепшотқа демеушілік қызметтер, халықаралық келісімшарттар, ақылы қызметтер, конфискацияланған тауарлар және т.б. бойынша енгізілуі мүмкін. Осыған байланысты, олардың есебі тек мемлекеттік қаржыландыру жоспары аясында жүзеге асады деген түсінік қате болып табылады. Сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстар қолдау тапты.
1315 шоты – «Отын және майлау материалдары», мұнда барлық түрдегі отын және майлау материалдары, соның ішінде «төленген» отын талондары есепке алынады деп көрсетілген.	Отын талондары 1315 шотқа енгізіледі. Алайда, төленбеген талондар да осы есепшотта есепке алынады. Олар 1315 «Отын және майлау материалдары» шоты дебетінде және 3210 «Жабдықтаушылар алдындағы кредиторлық берешек» есепшоты кредитінде, олар нақты төленгеніне қарамастан көрсетіледі (Қосымша 2, 60-тармақ). Осыған байланысты «төленген» сөзі алып тасталуы қажет. Сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстар қолдау тапты.
1319 шоты – «Басқа материалдар», мұнда «төленген» тамақ талондары көрсетілген.	Тамақ талондары 1319 шотта көрсетіледі. Алайда, төленбеген талондар да осы шотта есепке алынады. Олар 1319 «Басқа материалдар» шоты дебетінде және 3210 «Жабдықтаушылар алдындағы кредиторлық берешек» есепшоты кредитінде, олар нақты төленгеніне қарамастан көрсетіледі (Қосымша 2, 60-тармақ). Осыған байланысты «төленген» сөзі алып тасталуы қажет. Сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстар қолдау тапты.

Ескерту: авторлармен сарапшылық сұхбат негізінде құрастырылған.

5 ші сұрақ бойынша:

Бухгалтерлік есеп жоспарының 11 тармағында 1420 «Келешектегі кезеңдердің шығыстары» қосалқы шоты көрсетілген. Ол ағымдағы кезеңде жасалған, бірақ есептік жылдың келешектегі кезеңдеріне қатысы бар шығыстарды есепке алу үшін арналған (сақтандыру жарналары, сақтандыру ұйымдарына төленген, жалға алу төлемдері және басқа да келешектегі кезеңдердің шығыстары).

Антивирус бағдарламалық қамтамасыз етуді, сондай ақ 12 айға дейінгі лицензияларды сатып алу шығыстары да 1420 «Келешектегі кезеңдердің шығыстары» қосалқы шотында көрсетілуі тиіс. Бұл бухгалтерлік есеп жоспарының 20 тармағына сәйкес, «Бағдарламалық қамтамасыз ету» құрамына тек бюджеттік мекеме өз қызметінде «бір жылдан астам» қолдануды жоспарлаған бағдарламалық қамтамасыз ету кіретіндігімен байланысты.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтері, мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп бойынша жетекші маман Кемербаева Р. (2023) түсіндіргендей, активті материалдық емес объект ретінде тану үшін ол белгілі бір талаптарға сәйкес болуы керек, яғни мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесінің 336 тармағы талаптарына сәйкес бақылауда болуы және болашақта экономикалық пайда әкелуі тиіс. Барлық талаптар орындалған жағдайда лицензия материалдық емес актив болып саналады. Әйтпесе, оны сатып алуға байланысты шығыстар келешек кезеңдерге жатқызылады және кейін сызықтық әдіспен жазылады.

Мемлекеттік мекемелердің антивирус бағдарламаларын және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді жаппай сатып алу тәжірибесін ескере отырып, мұндай шығыстарды есепке алу үшін 1420 қосалқы шотын «қолдану мерзімі 12 айдан аспайтын бағдарламалық қамтамасыз ету лицензиялары» деп нақтылау қажет. Сауалнама нәтижесі бойынша бұл ұсыныстар көпшілік тарапынан қолдау тапты.

6 шы сұрақ бойынша:

Бухгалтерлік есеп жоспарының 16 тармағында 2370 қосалқы шоты – «Құралдар, өндірістік және шаруашылық мүлік» көрсетілген, онда соққы құралдары еңбек құралдары ретінде есепке алынады. Алайда 1316 қосалқы шотында «Шаруашылық материалдары мен кеңсе құралдары» соққы құралы – «балға» – есепке алынады. Бұл – басы мен тұтқасынан тұратын қол құралдары, әртүрлі жұмыстарды орындау кезінде

соққы әсерін жасауға арналған. Бұл факт уәкілетті құрылымдық бөлімшелердің назарына алуды қажет етеді. Сарапшылар 2370 «Құралдар, өндірістік және шаруашылық мүлік» шотына «басқа қосалқы шоттарда көрсетілген құралдарды қоспағанда» деген тіркесті қосуды ұсынды, бұл басқа шоттарда есепке алынатын құралдар мен осы шотта есепке алынатын құралдар арасындағы айырмашылықты түсіндіру үшін. Сауалнама нәтижесі бойынша ұсыныстар **100% қолдау тапты**.

7 ші сұрақ бойынша:

Бухгалтерлік есеп жоспарының 17 тармағында 2411 қосалқы шот - «Аяқталмаған құрылыс», 2413 - «Фимараттар, бөлмелер, құрылыстар, берілетін жабдықтар және басқа негізгі құралдардың негізгі жөндеуі», 2414 – «Автокөлік жолдарының негізгі жөндеуі» көрсетілген.

Алайда шығыстар тізіміне инженерлік қызметтер кірмеген. «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның 1 бабының 50 тармағына сәйкес мұндай шығыстар мемлекеттік мекемелерге жүктеледі. Сарапшылар инженерлік қызметтердің «аяқталмаған құрылыс» ретінде есепке алынғанын және құрылыс аяқталғаннан кейін сома негізгі құралдарға аударылғанын растады.

Мемлекеттік мекемелерге арналған есеп құжаттарының нысандары туралы бұйрық (№ 187, 2025 жылғы 22 сәуір) келесі нәтижелерді көрсетті.

8 ші сұрақ бойынша:

№ ОС 1 нысаны негізгі құралдарды, басқа активтерді және мүлікті қабылдау тапсыру үшін қарастырылған. Алайда бұл нысан тек мемлекеттік мекемелер арасында қабылдау тапсыру тәртібін реттейді. Сол уақытта негізгі құралдар мен басқа ұзақ мерзімді активтер квазимемлекеттік мекемелерден, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, акционерлік қоғамдардан және басқа ұйымдық-құқықтық формалардан мемлекеттік мекемелер балансына беріледі.

Сәйкесінше, қазіргі таңда Қазақстанда мұндай алыс-берістерді рәсімдеуге бекітілген нысан жоқ. Мемлекеттік мекемелер № ОС 1 нысанын қолданады, себебі заңмен бекітілген басқа нысан жоқ. Осыған байланысты № ОС 1 нысанынан «мемлекеттік мекеме» сөзін алып тастау ұсынылады.

Сарапшылар нысанды әмбебап пайдалану мақсатында «мемлекеттік мекеме» тіркесін шығару керектігін ұсынды.

9 шы сұрақ бойынша:

Бұйрықтың 45-қосымшасына сәйкес 1311, 1312, 1313, 1314, 1315, 1316, 1318 және 1319 қосалқы шоттар бойынша қоймадан материалдарды шығару рәсімін рәсімдеу үшін № 410 нысанындағы тарату ведомостері қолданылады. Бұл құжатта көрсетілген барлық шоттар материалдарды баланстан шығару негізі болып табылады.

Алайда 1315 қосалқы шоты – «Отын, жанар жағар май» бойынша шығыстар осы құжат негізінде есептен шығарылмайды. Жанар жағар май тек нақты пайдалану кезінде, жол парақтары (АТ 3, АТ 6, Ф 462 нысандары) негізінде есептен шығарылады. Осыған байланысты құжаттан 1315 қосалқы шотын алып тастау қажет.

Сонымен қатар, сарапшылар № 431 нысаны жанар жағар майды қоймадан материалдық жауапты тұлғаларға беру үшін қолданылатынын растады.

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережелерін (№ 223, 2025 жылғы 12 мамыр) нормативтік-құқықтық талдау және сұхбаттар келесі нәтижелерді көрсетті.

10 шы сұрақ бойынша:

Бюджет кодексінің 102-бабы бойынша мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшалары сәйкес бюджетке аударылады. Мысалы, «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және Қарулы Күштері туралы» Заңның 24-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелер қызметтерді жүзеге асырады, олар мемлекеттік бюджетке аударылады. Осыған байланысты мәтінге «жұмыстар мен қызметтер» қосу қажет.

Сауалнама нәтижесі бойынша ұсыныстар 100% қолдау тапты.

11 ші сұрақ бойынша:

Ережелердің 14 тармағына сәйкес, басты бухгалтердің құжаттарды қабылдау және тапсыру кезінде бухгалтерияда қарыздың негізділігі, кінәлі тұлғалардың болуы және есеп айырысу актілері, сондай-ақ бюджетке аударылмаған сомалар тексеріледі. Алайда Үкіметтің 1072 Қаулысына 8 тармағына сәйкес, заң қызметтері мемлекеттік органның мүддесін сотта білдіреді және сот актілерін орындауды қамтамасыз етеді. 10 тармақта заң қызметінің құзырет шегінде әрекет ететіні және нормативтік актілермен көзделмеген функцияларды орындай алмайтыны көрсетілген. Кінәлі тұлғаларға қатысты құжаттармен жұмыс заң қызметтері арқылы жүргізілетінін, ал бухгалтерлік есеп үшін құжаттар бухгалтерияға берілетінін ескере отырып, 162 тармағын жетілдіру қажет. Көпшілік сарапшылар ұсынысты қолдады.

12 ші сұрақ бойынша:

Ережелердің 258 тармағында көрсетілгендей, кеңсе құралдары, сондай-ақ дәрілік заттар және медициналық тағайындауға арналған дайын өнімдер ағымдағы қажеттіліктер үшін сатып алынған және қолданылған жағдайда нақты шығыстарға жатқызылады. Олардың келуі мен кетуі 1316 қосалқы шотында «Шаруашылық материалдары мен кеңсе құралдары» жалпы сомада көрсетіледі.

Алайда дәрілік заттар 1316 қосалқы шотында емес, 1313 – «Дәрілік заттар мен таңу материалдары» қосалқы шотында есепке алынады.

Бұл факт уәкілетті құрылымдық бөлімшелердің назарына алынуы тиіс. Сарапшылар тармақты түзетуді 100% қолдады.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау ережелерін (№ 259, 2025 жылғы 28 мамыр) нормативтік-құқықтық талдау және сұхбаттар келесі нәтижелерді көрсетті.

Мекемеге тиесілі емес, бірақ уақытша пайдаланудағы құндылықтар (қатаң есепке алынатын бланкілер, қоймадағы қорлар, жол парақтары, жалға алынған активтер) балансқа қосылмайтын шоттарда көрсетіледі.

Осы кезде мекемелер арасында берілген мүлік берушіде – баланста (жолақтар 020, 114), ал қабылдаушыда – балансқа қосылмайтын шотта (жолақ 620), жалға алынған активтер – 610 жолақта есепке алынады. Шоғырландырылған есептілікте бұл сома қайталаанады. Қайталануды болдырмау үшін 13 тармақтың 4 1-тармақшасын жалға алынған активтер мен ішкі жүйелік операциялар кезінде балансқа қосылмайтын қорларды ескеріп толықтыру қажет. Көпшілік сарапшылар ұсынысты қолдады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп және есептілік саласындағы заңнаманы жетілдіру бюджет процесінің ашықтығын арттыру, мемлекеттік қаржыны тиімді басқару және қаржылық тәртіпті нығайту үшін қажетті шарт болып табылады. Жүргізілген талдау бірнеше сәйкессіздіктер мен кемшіліктерді анықтады, атап айтқанда:

- дәрілерді, азық-түлікті және отынды есепке алудағы шектеулі ережелер;
- келешектегі шығыстардың жеткілікті түрде қарастырылмауы (мысалы, антивирус бағдарламалары мен қысқа мерзімді лицензиялар бойынша);
- соққы құралдары мен басқа материалдық құндылықтарды есепке алуда стандарттардың қайталануы;
- квазимемлекеттік және жеке сектордан активтерді қабылдау тапсыру операциялары үшін бекітілген нысандардың жоқтығы;
- отын мен басқа материалдарды есептен шығару тәртібіндегі айырмашылықтар;
- дәрілік заттарды есептен шығару бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар арасындағы қарама-қайшылықтар;
- шоғырландырылған есептілікті жасау кезінде активтердің екі рет көрсетілу қаупі.

Осылайша, мақала қолданыстағы нормативтік базаны талдау мен автордың ұсыныстарын біріктіріп, қаржылық ақпараттың ашықтығын, дәлдігін және салыстырмалылығын арттыруға, сондай-ақ бюджеттік процестің бір кезеңі болып табылатын есептілікті жақсартуға бағытталған.

Анықталған мәселелерді жою және есеп сапасын арттыру мақсатында авторлармен келесі шараларды қабылдау ұсынылады:

1313 және 1314 субшоттарындағы дәрі-дәрмектер, азық-түлік және басқа шығын материалдары демеушілік қызметтер, халықаралық келісімшарттар, ақылы қызметтер, конфискацияланған тауарлар және т.б. көздер бойынша кірістеледі. Осыған байланысты, олардың есебі тек мемлекеттік қаржыландыру жоспары аясында жүзеге асады деген түсінікті қайта қарастыру;

1315 және 1319 субшоттарындағы отын мен азық-түлік талоны төленгеніне қарамастан есепке алынады. Төленбеген заттар келесі шотта кредиторлық берешек ретінде көрсетіледі. «Төленген» деген сөзді алып тастау қажеттілігі бар;

Бір жылға дейінгі мерзімі бар материалдық емес активтерді (мысалы, лицензиялар, антивирус бағдарламалары) есепке алуды реттеу;

2370 мен 1316 шоттарында құралдарды (мысалы, балға, сүңгі, лом) есепке алуды нақтылау;

2411–2414 субшоттарында: жобаны басқару, техникалық және авторлық қадағалау сияқты инжинирингтік қызметтерді шығындар көрсетілмеген. Сондықтан бұл шығындарды қайда жатқызатындығын нормативтік анықтау;

ОС-1 формасын кеңінен пайдалану үшін «мемлекеттік мекеме» дегенді алып тастап, активтерді барлық ұйымдар арасында өткізуге бейімдеу;

410 нысанынан 1315 «Отын, жағар-май» субшотын алып тастау қажет, себебі есептен шығару (жол парақтары мен қабылдау карталары негізінде) нақты шығын бойынша жүргізіледі;

Бюджеттік кірістерді есепке алу Бюджет кодексінде «жұмыстар мен қызметтер» көрсетілген, алайда ережеде көрсетілмеген, қосуды қарастыру;

Заң құрылымдары анықталған жетіспеушіліктер мен ұрлық туралы ақпаратты бухгалтерияға уақытында беру қажеттілігін нормативтік бекітуді қарастыру;

Дәрі-дәрмекті есептен шығару 1313 субшотында жүргізіледі, 1316 субшотында емес, осы мәселені түзетуді қарастыру;

шоғырландырылған есепте баланстан тыс активтерді көрсету операциялары кезінде соммалардың екі еселеніп кетуін болдырмау.

Аталған қорытындылар мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп туралы ғылыми түсінікті толықтырады және нормативтік-құқықтық базаны оңтайландыру үшін практикалық қолдануда пайдаланылуы мүмкін. Бұл қаржылық ақпараттың дәлдігін, ашықтығын және салыстырмалылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ зерттеулер сапалық қана емес, сандық зерттеу әдістерін қолданып мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің тиімділігін арттыруға бағытталуы мүмкін. Оның ішінде есеп жүйесін цифрландыру және автоматтандыру арқылы деректердің сенімділігі мен қолжетімділігін арттыру, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарға сәйкестігін тереңдету, құқықтық нормативтік базаны жетілдіру барысында есеп жүргізу тәжірибесіне негізделген жаңа методологиялық ұсыныстар әзірлеу, қаржылық деректерді талдау арқылы бюджеттік шешім қабылдаудың тиімділігін арттыру және квазимемлекеттік сектор мен жеке компаниялармен қаржылық ақпарат алмасу тәжірибесін зерттеу маңызды болып табылады. Осы бағыттар мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің теориялық және практикалық маңыздылығын айқындап, ғылыми дискурсқа үлес қосады.

Мақала AP26102249 «Қазақстан Республикасы экономикасының нақты секторын қолдау мен дамытудың фискалдық және ақша-кредит құралдарының тиімділігін арттыру» тақырыбында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасының міндеттерін іске асыру аясында дайындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Sondzhaya, Y. (2024). Development of forward-looking public sector accounting practices. *Advances in Applied Accounting Research*, 2(2), 45–58. <https://doi.org/10.60079/aaar.v2i2.175>
2. Najeb, M. (2025). A global view of public sector accounting reforms: Adoption, implementation and impact of IFRS and IPSAS. *Accounting Research Journal*, 38(1), 80–105. <https://doi.org/10.1108/ARJ-06-2024-0228>
3. Amalia, I. (2024). Diffusion of cash-based IPSAS in less developed states. *International Journal of Humanities, Education and Social Sciences*, 4(3). <https://doi.org/10.55227/ijhess.v4i3.1318>
4. Scannell, S., & Tavia, U. (2024). A thematic review of the public sector IPSAS literature. *Public Organization Review*, 24, 1053–1075. <https://doi.org/10.1007/s11115-024-00773-1>
5. Hamdi, K. A., Diab, A., & Eissa, A. M. (2025). Digital transformation and the quality of accounting information systems in the public sector: Evidence from developing countries. *International Journal of Financial Studies*, 13(1), 30. <https://doi.org/10.3390/ijfs13010030>
6. Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2006, 9 қараша). Орта және жергілікті атқарушы органның құқықтық қызметі туралы типтік ережелерді бекіту (№ 1072 қаулы). https://adilet.zan.kz/rus/docs/P060001072_
7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі. (2025, 16 сәуір). Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп жоспарын бекіту (№ 170 бұйрық). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25E0000170>
8. Кемербаева, Р. (2023). Кәсіби сұраққа жауап. *Buh.mcf.kz*. <https://buh.mcf.kz/question/3192>
9. Үлкен ресей энциклопедиясы. (2023). Балға. <https://bigenc.ru/c/molotok-e3a3e8>
10. Қазақстан Республикасы. (2001, 16 шілде). Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы (№ 242 Заң). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000242>
11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі. (2025, 22 сәуір). Мемлекеттік мекемелерге арналған есеп құжаттарының нысандарын бекіту (№ 187 бұйрық). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25E0000187>
12. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі. (2025, 12 мамыр). Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережелерін бекіту (№ 223 бұйрық). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25E0000223>
13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі. (2025, 28 мамыр). Жылдық консолидтелген қаржылық есептілікті дайындау ережелерін бекіту (№ 259 бұйрық). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25E0000259>

REFERENCES

1. Sondzhaya, Y. (2024). Development of forward-looking public sector accounting practices. *Advances in Applied Accounting Research*, 2(2), 45–58. <https://doi.org/10.60079/aaar.v2i2.175>
2. Najeb, M. (2025). A global view of public sector accounting reforms: Adoption, implementation and impact of IFRS and IPSAS. *Accounting Research Journal*, 38(1), 80–105. <https://doi.org/10.1108/ARJ-06-2024-0228>
3. Amalia, I. (2024). Diffusion of cash-based IPSAS in less developed states. *International Journal of Humanities, Education and Social Sciences*, 4(3). <https://doi.org/10.55227/ijhess.v4i3.1318>
4. Scannell, S., & Tavia, U. (2024). A thematic review of the public sector IPSAS literature. *Public Organization Review*, 24, 1053–1075. <https://doi.org/10.1007/s11115-024-00773-1>

5. Hamdi, K. A., Diab, A., & Eissa, A. M. (2025). Digital transformation and the quality of accounting information systems in the public sector: Evidence from developing countries. *International Journal of Financial Studies*, 13(1), 30. <https://doi.org/10.3390/ijfs13010030>
6. Qazaqstan Respublikasy Ukimeti. (2006, 9 qarasha). Orta zhane zhergilikti atqarushy organnyn quyqytyq qyzmeti turaly tiptik erezhelerdi bekity (№ 1072 qaulysy). https://adilet.zan.kz/rus/docs/P060001072_
7. Qazaqstan Respublikasy Qarzhy ministrliги. (2025, 16 sauir). Memlekettik mekemelerdin buhgalterlik esep zhosparyn bekity (№ 170 buyryq). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25E0000170>
8. Kemerbaeva, R. (2023). Professional'nyi vopros: otvet spetsialista. *Buh.mcfr.kz*. <https://buh.mcfr.kz/question/3192>
9. Bol'shaya rossiiskaya entsiklopediya. (2023). Molotok. <https://bigenc.ru/c/molotok-e3a3e8>
10. Qazaqstan Respublikasy. (2001, 16 shilde). Qazaqstan Respublikasinda saulat, qala qurylysy zhane qurylysy qyzmeti turaly (№ 242 Zan). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000242>
11. Qazaqstan Respublikasy Qarzhy ministrliги. (2025, 22 sauir). Memlekettik mekemelerge arналған esep quzhattarynyn nysandaryn bekity (№ 187 buyryq). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25E0000187>
12. Qazaqstan Respublikasy Qarzhy ministrliги. (2025, 12 mamyr). Memlekettik mekemelerde buhgalterlik esep zhurgizu erezhelerin bekity (№ 223 buyryq). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25E0000223>
13. Qazaqstan Respublikasy Qarzhy ministrliги. (2025, 28 mamyr). Zhyldyk konsolidtelgen qarzhylyq esep tilikti daiyndau erezhelerin bekity (№ 259 buyryq). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25E0000259>

ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА НОРМАТИВНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЁТА И ОТЧЁТНОСТИ НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА И ЭКСПЕРТИЗЫ

Абуов М. Дуламбаева Р.

докторант
Академии государственного управления
при Президенте РК,
Астана, Казахстан,
e-mail: m.abuov@apa.kz
ORCID: 0009-0006-5530-5380

д.э.н., профессор
профессор Академии государственного управления
при Президенте РК,
Астана, Казахстан,
e-mail: r.dulambayeva@apa.kz
ORCID: 0000-0003-3942-8875

Аннотация

Повышение качества данных бухгалтерского учета и финансовой отчетности позволит руководителям и ответственным лицам принимать качественные управленческие решения.

Целью работы является изучение нормативных правовых актов в области бухгалтерского учета и финансовой отчетности в Казахстане, выявление законодательных противоречий и недостатков, а также выработка рекомендаций по их устранению. Бухгалтерский учет и отчетность - важнейший этап бюджетного процесса, на котором определяется состояние учреждения, остатки денежных средств, доходы и расходы, проводится инвентаризация и сверка товарно-материальных ценностей, анализируются дебиторская и кредиторская задолженность, формируется финансовый результат.

Для достижения цели был использован метод изучения нормативных правовых актов в области бухгалтерского учета и финансовой отчетности, а также проведены экспертные интервью с 12 специалистами, имеющими более 15 лет опыта работы в данной сфере, по ранее выявленным проблемам при изучении нормативных правовых актов.

По состоянию на 1 января 2024 года в Казахстане насчитывается 18 619 государственных учреждений. В связи с этим тема исследования охватывает многие субъекты бюджетного процесса.

В результате исследования выявлено 13 правовых пробелов в 4-х нормативных документах и даны рекомендации по повышению качества учета и отчетности для эффективного управления бюджетным процессом. Полученные результаты могут быть использованы для дальнейшего совершенствования бухгалтерского учета и отчетности и укрепления финансовой дисциплины в государственном секторе.

Ключевые слова: бухгалтерский учет, отчетность, счета, государственный орган, баланс.

IMPROVING THE QUALITY OF REGULATORY SUPPORT FOR ACCOUNTING AND FINANCIAL REPORTING BASED ON ANALYSIS AND EXPERT REVIEW

Abuov M.

doctoral student at the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan,
e-mail: m.abuov@apa.kz
ORCID: 0009-0006-5530-5380

Dulambaeva R.

c.e.s, professor
The Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan,
e-mail: r.dulambayeva@apa.kz
ORCID: 0000-0003-3942-8875

Abstract

Improving the quality of accounting data and financial reporting enables managers and responsible officials to make sound managerial decisions. The purpose of this study is to examine regulatory legal acts in the field of accounting and financial reporting in Kazakhstan, identify legislative contradictions and shortcomings, and develop recommendations for their elimination. Accounting and financial reporting represent a crucial stage of the budget process, during which the financial position of an institution is determined, cash balances, revenues and expenses are recorded, inventories and reconciliations of inventories are conducted, accounts receivable and payable are analyzed, and the financial result is formed.

To achieve the research objectives, a method of analyzing regulatory legal acts in the field of accounting and financial reporting was applied, along with expert interviews with 12 specialists who have more than 15 years of professional experience in this area, focusing on issues previously identified during the review of regulatory documents. As of January 1, 2024, there are 18,619 public institutions operating in Kazakhstan. Therefore, the research topic covers a wide range of participants in the budget process.

The study identified 13 legal gaps in four regulatory documents and proposed recommendations aimed at improving the quality of accounting and financial reporting to ensure effective management of the budget process. The findings may be used for further improvement of accounting and financial reporting practices and for strengthening financial discipline in the public sector.

Keywords: accounting, financial reporting, accounts, public authority, balance sheet.